

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажиліс Парламента

« __ » _____ 20 __ года

2020.09.02. жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
А.Ұ. Маминге

Депутаттық сауал

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Өзбекстанның Сырдария облысындағы «Сардоба» су қоймасында бөгеттің бұзылуы салдарынан су астында қалған Түркістан облысының Мақтаарал ауданы Қазақстан халқы мен ел Үкіметінің пәрменді көмегі, «Nur Otan» партиясының қуатты қолдауы арқасында қалпына келуде.

Дегенмен, Мақтаарал ауданына сапарым барысында және сала мамандарымен әңгімелесу нәтижесінде қосымша біраз мәселені анықтадық. Оның кейбірі бұрыннан қордаланса, бірқатары су басу салдарынан туындады. Бұларды қазір шешу болашақта осыған ұқсас, тіпті одан да зор апаттардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Біріншіден, Кеңес Одағы кезінде Орталық Азияда болған су шаруашылығы кешенін ортақ басқару жүйесі жойылды. Қазіргі кезде Сырдария бойындағы су қоймаларының жағдайы, осы стратегиялық нысандардың терроризмге қарсы қорғалу деңгейі бізге белгісіз. Көп мәселесі құпия. Мамандардың ескертуінше, көршідегі ірі су қоймасы жарылса, тасқын судың астында қалу қаупі Қазақстанның бірнеше облысына төнеді. Демек, мұндай белгісіздік салдары Мақтааралдағыдан бірнеше есе ауыр болар апатқа әкелуі мүмкін.

Екіншіден, биыл Өзбекстанның Сардоба су қоймасының бөгеті биіктеу жерінен бұзылды. Егер су қоймасы терең жерінде жарылғанда, Қазақстанға келген шығын бірнеше есе көп болуы ықтимал еді. Себебі, онда 922 млн текше метр су жиналған. Таяудағы апат кезінде соның 300 миллион текше метрі бізге қарай ағындады.

Үшіншіден, Орталық Азия өңірінің су-энергетика саласында қордаланған мәселені тек бірге шеше аламыз. Бұл үшін өзара жауапкершілікті қарастыратын мемлекетаралық деңгейдегі жаңа құқықтық база қажет. Бұл ретте 2018 жылғы

тамызда Ақтауда 5 мемлекет қол қойған «Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция» жақсы үлгі бола алады.

Төртіншіден, Өзбекстанның Сардобасынан ағындап келген су Мақтаарал ауданының «Нұрлы жол» ауылы секілді кейбір елді мекенінің айналасында тоқтап, тұйық суға айналды. Күннің ысуымен бірге ол су бұзылып, батпаққа айналып, күлімсі иісі қолқаны ататын күйге жетті. Сонымен бірге ол жергілікті тұрғындар мен төрт түлік мал тұтынатын таза ауыз суды бүлдірді. Тасқын су аудандағы ауыл шаруашылығы жерлерінің құнарын төмендетіп жатыр. Уақытылы шара қабылдасақ, ертең су кепкенде ол жерлер Арал теңізінің табанындай жарамсыз сортаңға айналуы мүмкін. Мақтаарал ауданында жерасты сулары беткі қабатқа өте жақын орналасқан. Мамандар мәліметінше, оған Сардобадан келген тасқын су қосылып, шамамен 9,5 мың гектарда тұзды сор жер бетіне көтерілді.

Құрметті, Асқар Ұзақбайұлы, жоғарыда айтылғанды ескере отырып, келесі мәселелерге мән беруіңізді сұраймын:

1) Болашақта су-техногендік ірі авария-апаттың алдын алу үшін Қазақстан орталықазиялық көршілермен бірге мемлекетаралық комиссия құрып, осындай су қоймаларының қауіпсіздігіне талдау жасауы, террористік шабуылға қорғанысы осал болса, оны нығайтудың бірлескен шараларын қарастыруы керек.

2) Мақтааралдағы апат қайталанбауы үшін Өзбекстанмен келіссөздер барысында Сардоба су қоймасының Қазақстанға ықтимал қаупі бар, жақында бұзылған бөгетін қалпына келтірмеуді сұраған абзал. Көрші мемлекетке қауіп келтіретін осыған ұқсас ірі нысандарды салу кезінде Орталық Азия елдері өзара келісіп, жобада қауіптің алдын алатын және салдарларын жоятын шараларды қарастырғаны жөн.

3) Орталық Азия елдері арасында Сырдария мен Әмудария секілді трансшекаралық суларға қатысты барлық мәселелер бойынша түпкілікті мәмілеге келіп, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы және Тәжікстан арасында төрт жақты ортақ келісімшарт бекітілуі керек. Бұл халықаралық құжатта суды пайдалану, су қоймасын және бөгенді салу жобасын бірлесе сараптамадан өткізу, авария-апат болған жағдайда бірлескен шаралар жүргізу, осы стратегиялық объектілерді күзету және террористік шабуылдан қорғау мәселелері көрініс табуы тиіс.

Біз тұтас ауданды апат аймағына айналдыра жаздаған техногендік авариядан тиянақты, жан-жақты, лайықты сабақ алуымыз керек.

**Құрметпен, Мәжіліс депутаты,
«Nur Otan» партиясы
Фракциясының мүшесі**

Бақытбек Смағұл